Бейсенбі, 21 мамыр 2026 жыл

№ 20
(1718)

# Бурабай

Газет 1993 жылдың
қаңтарынан шыға бастады

аудандық қоғамдық-саяси газет

*Ақорда*

## Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» форматындағы елдердің ішкі істер және қоғамдық қауіпсіздік министрлерін қабылдады

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» форматындағы салалық ведомстволардың екінші кездесуіне қатысу үшін Астанаға келген Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрі Ван Сяохунды, Қырғыз Республикасының Ішкі істер министрі Ұлан Ниязбековті, Тәжікстан Республикасының Ішкі істер министрі Рамазон Рахимзоданы, Түрікменстанның Ішкі істер министрі Мұхаммет Хыдыровты және Өзбекстан Республикасының Ішкі істер министрі Азиз Ташпулатовты қабылдады.**

Кездесу барысында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, трансұлттық қылмыс пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, киберқауіпсіздік, экстремизммен және басқа да қазіргі сын-қатерлермен күрес мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері мен Қытайдың құқық қорғау органдары арасындағы ықпалдастықты арттыру өңірде тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтауда маңызды екенін атап өтті.



– Ұйымдасқан трансұлттық қылмыс тамыр жайып, аясын кеңейте түсті. Киберқылмыс табысы жоғары жаһандық индустрияға айналды. Бұл адамдарды миллиардтаған доллар шығынға ұшыратады. Цифрлық жүйені қылмыстық топтар өз қызметтерін үйлестіруге, табыстарын жылыстатуға, ешбір мемлекеттің шекарасына қарамайтын шабуыл жасауға жиі қолданады. Маңызды көлік және сауда бағыттары түйісетін Орталық Азия аймағына трансұлттық қылмыстық желінің қызығушылығы жоғары. Осы орайда, ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа, есірткінің заңсыз айналымына және адам саудасына қарсы тұру мәселесі өзекті болып отыр. Күш-жігер біріктіру, ақпарат алмасу, институционалдық ықпалдастықты нығайту және заманауи технологияларды енгізу арқылы ғана бұл сын-қатерлерге қарсы тұра алатынымызға сенімдімін. Қазақстан қауіпсіздік саласындағы өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуді дәйекті түрде қолдайды. Біз азаматтарымызды қорғау мен елдерімізді орнықты дамыту бағытындағы ашық диалогқа, үздік тәжірибелерді алмасуға және бірлесіп шешім қабылдауға дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, қылмыстық элементтердің өңірдегі ішкі тұрақтылықты бұзуына жол беруге болмайды. Бұл орайда жүйелі әрі батыл әрекеттер қажет.

– Қазақстан заң үстемдігін қамтамасыз етуді құқық қорғау қызметі ғана емес, мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыты ретінде қарастырады. Біз «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Аталған қағидат жаңа Конституциямызда елімізді одан әрі жаңғыртудың басты алғышарттарының бірі ретінде көрініс тапты. Маңызды міндеттердің бірі – ұйымдасқан трансұлттық қылмыстық топтардың қаржы ағынына тосқауыл қою. Экстремизм идеяларының таралуын, лаңкестік топтардың адамдарды интернет арқылы арбауын белсенді түрде әшкерелеп, террорлық актілерге астыртын әзірлік әрекеттерін алдын ала анықтаған жөн. Айтылған қатерлердің бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Оған тек жан-жақты, кешенді түрде күш-жігер біріктіре отырып төтеп бере аламыз. «Орталық Азия – Қытай» форматы елдерімiздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде өзара үйлесімді, нақты шешімдердің үлгісі болатынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық және экономикалық тыныс-тіршіліктің онлайн кеңістікке ойысуы киберқауіпсіздік мәселесін мүлдем жаңа деңгейге көтерді деп санайды.

– Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс ешқандай шекараға бағынбайды. Азаматтарымызға, бизнеске және мемлекеттік органдарға зардабын тигізіп отыр. Гибридті және ақпараттық технологиялар жалған мәлімет, яғни, «фейк» тарату құралы ретінде қолданылады. Өшпенділік өртін үрлеп, алауыздық туғызады. Деструктивті элементтердің қолындағы жасанды интеллект ауыр салдарға әкеліп соғатын өте жойқын ақпараттық қаруға айналды. Заң талаптарына қайшы контент толассыз көбейіп жатыр. Осыған байланысты қазіргі ықпалдастық тетіктерін жүйелі түрде жетілдіріп, киберқауіпсіздікке қарсы проактивті іс-қимылға көшу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өңір елдерінің экономикалық ынтымақтастығын нығайту мен дамыту, бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты екенін айтты.

– Транскаспий халықаралық көлік бағыты еуразиялық логистиканың стратегиялық элементіне айналып келеді. Жаһандық сауда тізбегінің трансформациясына және геосаяси қысымның күшеюіне сәйкес оның маңызы еселеп артты. Сонымен қатар жүк тасымалын ұлғайтудың белгілі бір қауіп-қатерлері бар. Әңгіме трансұлттық қылмыс, соның ішінде контрабанда, есірткі, қару-жарақ тасымалы туралы болып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өңірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру үшін «Орталық Азия – Қытай» форматының әлеуетін пайдалану қажеттігін жеткізді.

– Менің ойымша, ішкі істер министрліктері бір-бірімен ынтымақтастықты күшейтіп, қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп мәселелеріне қатысты ақпараттармен бөлісуге тиіс. Бұл халықтарымыздың арман-тілегіне толығымен сай келеді. Жұртшылық мемлекеттер басшыларынан өз елдерін тәртіпке келтіріп, қалыпты әрі қауіпсіз өмірге қолайлы жағдай жасау үшін аса шұғыл, тиімді шешімдер қабылдауды талап етіп отыр. Балаларымыз, жалпы халық ел басшыларының, ішкі істер министрлері мен басқа да ведомство жетекшілерінің заңға сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын қабылдап жатқандарына көздері жетіп, өздерін қауіпсіз сезінуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен және Орталық Азия мемлекеттерімен өзара сенім, тату көршілік, ортақ жауапкершілік негізіндегі ынтымақтастықты ілгерілетуге ерекше мән беретінін жеткізді.

Кездесуге қатысушылар өзара байланыстарды жолға қоюға, жедел ақпарат алмасуға, кәсіби қарым-қатынастарды дамытуға және құқық қорғау органдарының қызметіне заманауи технологияларды енгізуге ниетті екендерін растады.

Президент аталған жиынның Орталық Азия мен Қытай аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша серіктестік пен ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

**Ақорда**

*Өңір*

## Ақмола облысындағы жаңа сүт-тауарлы фермасына Еуропадан голштин тұқымды сиырлар жеткізілді

Аталған өңірде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыс әкімдігінің қолдауымен, жеке инвестор мен «KOKSHE» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірлескен қаржыландыру аясында агроөнеркәсіп



кешені саласында ірі жоба жүзеге асырылуда.

Бурабай ауданында «Burabay Milk» серіктестігі 1440 бас ірі қара малға арналған заманауи сүт-тауарлы фермасының, сондай-ақ Щучинск қаласында сүт зауытының құрылысын қолға алуда.

Жобаны іске асыру аясында 330 бас асыл тұқымды мал әкелу жоспарланған.

Компания болашақ ферма үшін жоғары өнімді асыл тұқымды табынды қалыптастыру жұмыстарын бастап кетті. Нәтижесінде Германиядан 165 бас голштин тұқымды қашардың алғашқы партиясы арнайы әуе рейсімен жеткізілді.



Қазіргі уақытта карантиндік шаралардан өтіп, жаңа күтім жағдайларына бейімделуде. Алдағы бір ай ішінде ветеринариялық мамандар міндетті кешенді зерттеулер жүргізіп, аса қауіпті ауруларға қатысты тексеру жүргізеді.

Алдағы уақытта да облыстық және аудандық ветеринариялық қызметтер өкілдерінің қатысуымен асыл тұқымды мал басын толықтыру жалғасатын болады.

**«Бурабай-ақпарат»**

## Хабарлама

«RG Gold» ЖШС-нің «Райгородок» кен орны бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу Материалдарына (рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері) қатысты ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы «RG Gold» ЖШС хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар:

- 2026 ж. 30 маусым күні сағат 10:00-де Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успеноюрьев а.о., Николаевка ауылы, Куница көшесі 21, Кеңес Одағының Батыры А.С. Куница атындағы жалпы білім беретін мектеп мекенжайы бойынша өтеді;
- 2026 ж. 30 маусым күні сағат 15:00-де Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Еркөл а.о., Гордеевка ауылы, Центральная көшесі, 24, Гордеевка ауылының негізгі орта мектебі мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Райгородок ауылында тыңдаулар өткізуге жағдай болмағандықтан, оның тұрғындары үшін Николаевка ауылында өтетін орынға дейін көлік ұйымдастырылатын болады.

Бейнеконференция арқылы онлайн қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасына сілтеме бойынша өту қажет:

https://us06web.zoom.us/j/86939688978?pwd=EA0nm0LmoqqgnRlOXMoYCbR7M3XmSP.1

Конференция идентификаторы: 869 3968 8978, құпия сөз: 388399.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «RG Gold» ЖШС, БСН 130740005369, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, № 80 үй, тел: 8 (71636) 2-13-19.

Әсер ету аумағы:

- Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успеноюрьев а.о., Райгородок, Николаевка ауылдары;
- Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Еркөл а.о., Гордеевка ауылы.

Кен орнының географиялық координаттары - 52°29´6, 69°42´35.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ECO AIR» ЖШС, БСН 050940002909, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Беспалов көшесі, 51а, тел: 8 708 206 79 84.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкінде - «Ашық жиналыстар» бөлімінде https://hearings.ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: эл. почта: info@ecoair.kz, тел.: 8 708 206 79 84.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық почта бойынша қабылданады: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru, upr.expertiza@mail.ru.

## Объявление

ТОО «RG Gold» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды, разделы «Охрана окружающей среды») для месторождения «Райгородок» ТОО «RG Gold».

Общественные слушания пройдут:

- 30 июня 2026 года в 10:00 по адресу: Акмолинская область, Бурабайский район, Успеноюрьевский с.о., с.Николаевка, улица Куницы, 21, Общеобразовательная школа им. Героя Советского Союза А.С. Куницы;
- 30 июня 2026 года в 15:00 по адресу: Акмолинская область, Буландынский район, Ергольский с.о., с.Гордеевка, улица Центральная, 24, Основная средняя школа села Гордеевка.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В связи с тем, что в с. Райгородок нет условий для проведения слушаний, для их жителей будет организован транспорт до места проведения в с. Николаевка.

Для участия в общественных слушаниях онлайн посредством видеоконференции наплатформе ZOOM необходимо пройти по ссылке: https://us06web.zoom.us/j/86939688978?pwd=EA0nm0LmoqqgnRlOXMoYCbR7M3XmSP.1

Идентификатор конференции: 869 3968 8978, Код доступа: 388399.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «RG Gold», БИН 130740005369, Акмолинская область, Бурабайский район, Щучинская г.а., г.Щучинск, улица Мухтара Ауэзова, дом № 80. Тел: 8 (71636) 2-13-19.

Территория воздействия:

- Акмолинская область, Бурабайский район, Успеноюрьевский с.о., с.Райгородок, с.Николаевка;
- Акмолинская область, Буландынский район, Ергольский с.о., с.Гордеевка.

Географические координаты месторождения 52°29´6, 69°42´35.

Разработчик проектной документации: ТОО «ECO AIR», БИН 050940002909, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Беспалова, 51а, тел: 8 708 206 79 84.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – https://hearings.ndbecology.gov.kz/ в разделе «Открытые собрания», а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Контактные данные для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности: эл. адрес: info@ecoair.kz, тел.: 87082067984.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru, upr.expertiza@mail.ru.

## Хабарлама

«RG Processing» ЖШС-нің Райгородок кен орнының бастапқы алтын құрамды кендерін қайта өңдеу кешені бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдарына (рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) қатысты ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы «RG Processing» ЖШС хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 02 шілдесінде өтеді:

- сағат 10:00-де Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успеноюрьев а.о., Николаевка ауылы, Куница көшесі 21, Кеңес Одағының Батыры А.С. Куница атындағы жалпы білім беретін мектеп мекенжайы бойынша өтеді;

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Райгородок ауылында тыңдаулар өткізуге жағдай болмағандықтан, оның тұрғындары үшін Николаевка ауылында өтетін орынға дейін көлік ұйымдастырылатын болады.

Төтенше жағдай немесе шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы бойынша бейнеконференция фоматында өтеді: https://us06web.zoom.us/j/88196485142?pwd=oBaFxIn6zU0lqaradESEkAHWpNHmwU.1

Конференция идентификаторы: 881 9648 5142, Құпия сөз: 747712.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «RG Processing (РГ Процессинг)» ЖШС, БСН 181040004901, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успеноюрьев а.о., Райгородок ауылы, Центральная көшесі, №39 ғимарат.. Тел: 8 (712) 276 65 92.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успеноюрьев а.о., Райгородок және Николаевка ауылдары.

Объектінің географиялық координаттары:

1) 52°30´09,20, 69°40´51,63;
2) 52°30´13,68, 69°41´03,66;
3) 52°30´02,55, 69°41´06,80;
4) 52°29´47,82, 69°41´13,60.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ECO AIR» ЖШС, БСН 050940002909, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Беспалов көшесі, 51а, тел: 8 777 411 37 28.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкінде - «Ашық жиналыстар» бөлімінде https://hearings.ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: эл. почта: info@ecoair.kz, тел.: 8 777 411 37 28.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық почта бойынша қабылданады: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru, upr.expertiza@mail.ru.

## Объявление

ТОО «RG Processing» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды) для «Комплекса по переработке первичных золотосодержащих руд месторождения Райгородок ТОО «RG Processing».

Общественные слушания пройдут 02 июля 2026 года:

– в 10:00 по адресу: Акмолинская область, Бурабайский район, Успеноюрьевский с.о., с.Николаевка, улица Куницы, 21, КГУ «Общеобразовательная школа им. Героя Советского Союза А.С. Куницы»;

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В связи с тем, что в с. Райгородок нет условий для проведения слушаний, для их жителей будет организован транспорт до места проведения в с. Николаевка.

Для участия в общественных слушаниях онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM необходимо пройти по ссылке: https://us06web.zoom.us/j/88196485142?pwd=oBaFxIn6zU0lqaradESEkAHWpNHmwU.1

Идентификатор конференции: 881 9648 5142. Код доступа: 747712.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «RG Processing (РГ Процессинг)», БИН 181040004901, Акмолинская область, Бурабайский район, Успеноюрьевский с.о., с. Райгородок, ул.Центральная, строение №39. Тел: 8 (712) 276 65 92.

Территория воздействия:

- Акмолинская область, Бурабайский район, Успеноюрьевский с.о., с.Райгородок, с.Николаевка;

Географические координаты объекта:

1) 52°30´09,20, 69°40´51,63;
2) 52°30´13,68, 69°41´03,66;
3) 52°30´02,55, 69°41´06,80;
4) 52°29´47,82, 69°41´13,60.

Разработчик проектной документации: ТОО «ECO AIR», БИН 050940002909, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Беспалова, 51а, тел: 8 777 411 37 28.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – https://hearings.ndbecology.gov.kz/ в разделе «Открытые собрания», а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

Контактные данные для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности: эл. адрес: info@ecoair.kz, тел.: 8 777 411 37 28.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru, upr.expertiza@mail.ru.

## УВЕДОМЛЕНИЕ

ТОО «Кокшетау-Мельинвест» (далее - Товарищество) сообщает, что Товарищество приостанавливает деятельность предприятия (отгрузку и приемку зерна) в связи с проведением ремонтных работ по подготовке материально-технической базы к приёму нового урожая 2026 года на период с «01» июля 2026 года по «31» июля 2026 года.